Қазақстан Республикасының Президенті туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2733 Конституциялық заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 5 маусымдағы № 296-VIII Конституциялық заңымен

Ескерту. Конституциялық заңның күші жойылды – ҚР 05.06.2026 № 296-VIII Конституциялық заңымен (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Осы Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық жағдайын белгілейді.

Ескерту. Тақырып пен кіріспе жаңа редакцияда - ҚР 1999.05.06. № 378 Конституциялық заңымен.

I тарау
Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебесі

1-бап. Республика Президенті

1. Республика Президенті - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

2. Республика Президенті - халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

3. Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

4. Республика Президентіне халық пен мемлекеттің атынан сөйлеу құқығы беріледі.

5. Республика Президентіне, оның абыройы мен қадір-қасиетіне ешкімнің тиісуіне болмайды. Республика Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіру заң бойынша қудаланады.

2-бап. Республика Президентін сайлау

Республика Президентін сайлау конституциялық заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3-бап. Республика Президентінің қызметіне кірісуі

1. Республика Президенті: "Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін", - деп халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі. Республика Президенті анттың мәтінін мемлекеттік тілде айтады.

2. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбісінде өткізіледі.

Президент кезектен тыс сайлауда сайланған жағдайда не Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Президент өкілеттігін қабылдағанда, ант беру президенттік сайлау қорытындысы жарияланған не Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде өткізіледі. Бұл жағдайларда ант беру күнін Республиканың Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.

Ант беру салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Сот судьяларының, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың барлық экс-Президенттерінің қатысуымен өткізіледі.

3. Республика Президенті Республика Конституциясына ант етеді. Ант берілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалады. Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы Президентке Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін, омырауға тағатын белгісін, байрағын және "Алтын қыран " орденін тапсырады.

4. Алып тасталды – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06 № 378, 2011.02.03 № 404 -IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

4-бап. Республика Президентінің өкілеттік мерзімі

1. Республика Президенті жеті жыл мерзімге сайланады.

1-1. Кезектен тыс сайлауда сайланған Республика Президентінің өкілеттігі кезектен тыс сайлаудан кейін жеті жылдан соң желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізілуге тиіс кезекті сайлауда сайланған Республика Президенті лауазымына кіріскенге дейін жүзеге асырылады.

2. Республика Президентінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен сәттен бастап, сондай-ақ Президент қызметінен мерзімінен бұрын босатылған немесе кетірілген не ол қайтыс болған жағдайда тоқтатылады.

3. Алып тасталды - ҚР 06.05.1999 № 378 Конституциялық заңымен.

4. Алып тасталды – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06 № 378, 2007.06.19 № 265 , 2010.06.14 № 289-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.02.03 № 404-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен .

5-бап. Республика Президенті лауазымында болуға байланысты шектеулер

1. Республика Президентінің өкілді органның депутаты болуға, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға хақы жоқ.

2. Алып тасталды - ҚР 19.06.2007 N 265 Конституциялық заңымен.

3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс.

Президент ант берген кезден бастап он күн ішінде саяси партиядан шығуға тиіс.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын атқаруға құқылы емес.

Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік саяси қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын атқаратын жақын туыстары Қазақстан Республикасының Президенті ант берген кезден бастап бір ай ішінде отставкаға беруге не атқаратын лауазымын босатуға тиіс.

Осы тармақтың мақсаттары үшін Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары деп: ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері, сондай-ақ жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары, балаларының жұбайы (зайыбы), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілерінің (қарындастарының) балалары түсініледі.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06. № 378 , 2007.06.19. № 265; 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

6-бап. Республика Президентінің айырым белгілері

1. Республика Президентінің айырым белгілері - Қазақстан Республикасы Президентінің омырауға тағатын белгісі мен байрағы болады.

2. Омырауға тағатын белгінің сипаттамасын Орталық сайлау комиссиясы анықтайды. Байрақтың сипаттамасын, омырауға тағатын белгі мен байрақты ресми пайдалану тәртібін Республика Президенті белгілейді.

3. Республика Президенті қызметі бойынша "Алтын Қыран" орденінің иесі болып табылады.

4. "Алтын Қыран" орденінің сипаттамасы, аталған орденді берудің негіздері мен тәртібі Республика заңдарымен белгіленеді.

II тарау
Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі

7-бап. Республика Президентінің сыртқы саясаттағы өкілеттігі

1. Республика Президенті:

1) келіссөздер жүргізеді және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қояды;

2) келіссөздер жүргізуге және Республиканың мемлекетаралық шарттарына қол қоюға өкілеттік береді;

3) алып тасталды - ҚР 06.05.1999 № 378 Конституциялық заңымен.

4) бекіту грамоталарына қол қояды;

5) Республика жасасқан, бекітуге жатпайтын халықаралық шарттардың күшін тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды;

6) Парламентке Республика жасасқан халықаралық шарттарды денонсациялау туралы ұсыныс енгізеді.

2. Республика Президенті Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады.

3. Республика Президенті өзінің жанында тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және өзге де өкілдерінің сенім грамоталары мен кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06. № 378 Конституциялық заңымен.

8-бап. Республика Президентінің мемлекеттің қорғаныс қабілетін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігі

Республика Президенті:

1) Республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылық құрамын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) Республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген әрі мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған ретте, Премьер-Министрмен және Республика

Парламенті Палаталарының Төрағаларымен ресми консультациялар алысқаннан кейін, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізуді, Республиканың Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, аталған жағдаяттар талап ететін шараларды қолданады;

3) Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген ретте Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде әскери жағдай енгізеді, ішінара немесе жалпы мобилизация жариялап, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлайды;

4) Парламент Палаталарының бірлескен отырысының қарауына Республика Қарулы Күштерін бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін пайдалану туралы ұсыныс енгізеді;

5) өзіне бағынысты Мемлекеттік күзет қызметін жасақтайды;

6) Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекітеді;

7) Республика азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру және мерзімді әскери қызметтің қызметшілерін запасқа шығару туралы шешім қабылдайды;

8) Парламент Сенатының келісімімен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын қызметке тағайындайды; оны қызметтен босатады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06. № 378 Конституциялық заңымен; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

9-бап. Республика Президентінің Парламентке қатысты өкілеттігі

Республика Президенті:

1) Парламентке және оның Палатасына кезекті және кезектен тыс сайлау тағайындайды;

2) Конституцияның 51-бабының 4-тармағында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Сенаттың он депутатын тағайындайды, олардың бесеуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындалады. Сенаттың тағайындалатын мүшелері өкілеттіктерінен айырылған немесе олардың өкілеттіктері тоқтатылған жағдайда бір ай мерзімде шығып қалғандардың орнына Сенат депутаттарын тағайындайды;

3) сайлау нәтижелері жариялаған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей Парламенттің бірінші сессиясын шақырады;

4) Парламент депутаттарының Қазақстан халқына беретін антын қабылдайды;

5) Парламент Сенатының Төрағасы лауазымына кандидатура ұсынады;

6) әдетте, Парламент сессияларын ашады;

7) Парламент сессиялары аралығындағы кезеңде өз бастамасымен, палаталар төрағаларының немесе Парламент депутаттары жалпы санының кемінде үштен

бірінің ұсынысымен Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыра алады, онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралады;

8) Парламент ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады; егер Парламент Конституцияның 53-бабының 1-2) тармақшасында және 54-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Президенттің қарсылығын еңсерсе, бір ай ішінде заңға қол қояды;

9) Парламенттің қарауына Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы жоба беруге хақылы;

9-1) заң шығару бастамасы тәртібімен Парламент Мәжілісінің қарауына заңнамалық актілер жобаларын өзінің арнайы жолдауымен енгізеді;

10) заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы бар, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс екенін білдіреді;

11) Парламент Палаталарының кез келген бірлескен отырыстарына немесе оның Палаталарының бөлек отырыстарына қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар;

12) Республика Конституциясының 57-бабының 6) тармақшасында көзделген жағдайда Үкімет мүшесін қызметтен босатады;

13) Конституцияда көзделген тәртіппен Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06. № 378, 2006.12.11. № 200 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.06.19. № 265; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

10-бап. Республика Президентінің Үкіметке қатысты өкілеттігі

Республика Президенті:

1) Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды; оны қызметтен босатады;

2) Премьер-Министр тағайындалғаннан кейінгі он күн мерзімде оның енгізген ұсынуымен Үкіметтің құрылымын айқындайды; Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министр енгізген ұсынумен Үкімет мүшелерін қызметке тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қызметке дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін қызметтен босатады;

3) Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды;

4) жүйелі түрде Премьер-Министрдің Үкімет қызметінің негізгі бағыттары туралы және оның барлық маңызды шешімдері туралы баяндамасын тыңдайды, оның барысында Премьер-Министр Үкімет жұмысы туралы есеп береді;

5) Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін келіседі;

5-1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесін және мемлекеттік бағдарламаларды келіседі;

6) ерекше маңызды мәселелер бойынша қажеттігіне қарай Үкімет отырыстарына төрағалық етеді;

7) алып тасталды - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

8) алып тасталды - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

9) егер Үкімет пен оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген міндеттерді одан әрі жүзеге асыруы мүмкін емес деп санаса немесе егер Парламент Мәжілісі не Парламент Үкіметке сенімсіздік білдірсе, олар мәлімдеген орнынан түсуі туралы, сондай-ақ Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны жүргізбей отырған Үкімет мүшесі мәлімдеген орнынан түсуі туралы шешімді қабылдайды;

10) Үкімет немесе оның кез келген мүшесі мәлімдеген орнынан түсуді он күн мерзім ішінде қабылдайды немесе қабылдамай тастайды;

11) Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуін қабылдамай тастаған ретте оларға өз міндетін одан әрі жүзеге асыруды тапсырады;

12) өз бастамасы бойынша Үкіметтің өкілеттігін тоқтату, Премьер-Министр мен Үкіметтің кез келген мүшесін қызметтен босату туралы шешім қабылдауға хақылы;

13) өз актілерімен Үкіметке Республика Конституциясы мен заңдарында белгіленгеннен басқа атқару міндеттерін жүзеге асыруды жүктеуге хақылы;

14) Республика Үкіметіне тапсырмалар береді.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06. № 378, 2007.06.19. № 265; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 109-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

11-бап. Республика Президентінің Конституциялық Сотқа қатысты өкілеттігі

Ескерту. 11-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

Республика Президенті:

1) Парламент Сенатының келісімімен Конституциялық Соттың Төрағасын және Конституциялық Соттың төрт судьясын қызметке тағайындайды, конституциялық заңға сәйкес оларды мерзімінен бұрын қызметтен босатуға хақылы;

1-1) Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Конституциялық Сот судьяларының арасынан Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын тағайындайды;

2) Республика Конституциясының 44-бабының 10-1) тармақшасында және 72-бабында көзделген жағдайларда Конституциялық Сотқа өтініш жасайды.

3) алып тасталды - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 5.11.2022 № 156-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

12-бап. Республика Президентінің соттарға және судьяларға қатысты өкілеттігі

Республика Президенті:

1) Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесін негізге ала отырып, Республика Жоғарғы Сотының Төрағасын және судьяларын қызметке сайлау және қызметтен босату үшін Парламент Сенатына ұсынады;

2) Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.19. № 265 Конституциялық заңымен.

13-бап. Республика Президентінің прокуратура органдарына қатысты өкілеттігі

Республика Президенті:

1) Парламент Сенатының келісімімен Республиканың Бас Прокурорын бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды; оны қызметтен босатады.

2) Бас Прокурордың ұсынысы бойынша Республика Бас Прокурорының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) әр тоқсанда кемінде бір рет Бас Прокурордың елдегі заңдылықтың жай-күйі туралы есебін тыңдайды.

14-бап. Республика Президентінің Орталық сайлау комиссиясына қатысты өкілеттігі

Республика Президенті:

1) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін тағайындайды;

2) Орталық сайлау комиссиясы туралы Ережені бекітеді;

3) Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының тағайындалған республикалық референдумға, Парламент, мәслихаттар депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауға әзірлік барысы туралы және референдум мен сайлау нәтижелері жөніндегі хабарламасын тыңдайды.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.06.19. № 265 Конституциялық заңымен.

15-бап. Республика Президентінің Ұлттық Банкке қатысты өкілеттігі

Республика Президенті:

1) Парламент Сенатының келісімімен Республика Ұлттық Банкінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оны қызметтен босатады;

2) Ұлттық Банк Төрағасының ұсынысы бойынша Ұлттық Банк Төрағасының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) әр тоқсанда кемінде бір рет Ұлттық Банк Төрағасының Республика Ұлттық Банкінің жұмысы туралы есебін тыңдайды.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.06.19. № 265 Конституциялық заңымен.

16-бап. Республика Президентінің Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына қатысты өкілеттіктері

Республика Президенті:

1) Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге лауазымға тағайындайды, оларды лауазымынан мерзімінен бұрын босатуға құқылы;

2) Жоғары аудиторлық палата туралы ережені бекітеді;

3) тоқсанына кемінде бір рет Жоғары аудиторлық палата Төрағасының жұмысы туралы ақпаратын тыңдайды.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

17-бап. Республика Президентінің әкімдерге қатысты өкілеттігі

Республика Президенті:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының әкімдерін қызметке тиісінше облыс аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары депутаттарының келісімімен тағайындайды;

2) алып тасталды – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен;

3) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша әкімдерге тапсырмалар береді және олардың орындалуы жөнінде әкімдердің есебін тыңдайды;

4) өз қалауы бойынша, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне тиісті мәслихаттар өз депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен сенімсіздік білдірген жағдайда, оларды лауазымынан босатуға құқылы.

4-1) алып тасталды - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06. № 378, 2007.06.19. № 265; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен .

17-1-бап. Республика Президентінің өзіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға қатысты өкілеттігі

1. Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының өкілеттігі жаңадан сайланған Президент қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады. Бұл орайда олар Мемлекет басшысы осы органдардың басшыларын тағайындағанға дейін өз міндеттерін атқара береді.

2. Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының ұсынуы бойынша Республика Президенті:

1) осы мемлекеттік органдар туралы ережелерді, олардың құрылымы мен жалпы штат санын бекітеді;

2) егер Республика Президенті өзгеше белгілемесе, Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін органдар басшыларының орынбасарларын, осы органдар ведомстволарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) аталған мемлекеттік органдардың ведомстволарын құрады, таратады және қайта ұйымдастырады. Егер Республика Президенті өзгеше белгілемесе, бұл ведомстволар орталық атқарушы органдардың ведомстволары үшін көзделген мәртебені иеленеді.

3. Республика Президенті өзі белгілейтін тәртіп пен мерзімде Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының аталған органдардың жұмысы туралы есептерін тыңдайды.

Ескерту. 17-1-баппен толықтырылды - ҚР 1999.05.06. № 378 Конституциялық заңымен.

18-бап. Республика Президентінің республикалық референдумға қатысты өкілеттігі

1. Республика Президенті конституциялық заңға сәйкес өз бастамасы бойынша, Парламенттің, Үкіметтің немесе сан жағынан облыстардың, Республика астанасы мен республикалық маңызы бар қалалардың бәрін бірдей

дәрежеде білдіретін Республиканың сайлау құқығы бар кем дегенде екі жүз мың азаматының бастамасы бойынша республикалық референдум өткізу туралы шешім қабылдайды.

2. Республика Президенті Парламенттің, Үкіметтің немесе Республика азаматтарының референдум өткізу туралы бастамасы бойынша мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) референдум өткізу туралы;

2) референдум өткізбей-ақ, оның мәні ретінде ұсынылып отырған мәселе жөнінде Республика Конституциясына, конституциялық заңына, заңына өзгертулер мен толықтыруларды немесе өзге шешімді қабылдау қажеттігі туралы ;

3) референдум өткізу туралы ұсынысты қабылдамай тастау туралы. Егер Республика Президенті Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды республикалық референдумға шығару туралы Парламенттің ұсынысын қабылдамай тастаса, Парламент Палаталарының әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде бестен төртінің көпшілік дауысымен Парламент Конституцияға осы өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы заң қабылдауға құқылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті бұл заңға қол қояды немесе оны республикалық референдумға шығарады.

3. Референдум бастамашыларының келісімімен Республика Президенті оны өткізгенге дейін оның бастамашыларының өз еркін неғұрлым анық білдіруі үшін референдумға ұсынылатын мәселенің (мәселелердің) тұжырымын нақтылауға хақылы.

Ескерту. 18-бап толықтырылды - ҚР 1999.05.06. № 378 Конституциялық заңымен.

19-бап. Республика Президентінің өзге де өкілеттігі

Республика Президенті:

1) жыл сайын Қазақстан халқына елдегі жағдай және Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы ауызша не жазбаша жолдау арнайды. Егер арнау Парламент сессиясында жария етілсе, ол талқыланбайды, ол бойынша сұрақ қойылмайды;

2) алып тасталды – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

3) Республиканың мемлекеттік наградаларымен марапаттайды және құрметті, жоғары әскери және өзге де атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыныптарын береді; аталған наградалардан, атақтардан, шендерден, дәрежелер мен сыныптардан айырады;

4) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, оны сақтау және одан шығу, Республика азаматтығын қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды ;

5) саяси баспана беру мәселелерін шешеді;

6) азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асырады;

7) Республиканың Мемлекеттік кеңесшісін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, оның мәртебесі мен өкілеттігін анықтайды;

7-1) Парламент Сенатына Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің кандидатурасын бес жыл мерзімге қызметке сайлау және қызметтен босату үшін ұсынады;

8) ұлттық валютаның қолданылу тәртібін, мерзімі мен шарттарын белгілейді;

9) Президент Әкімшілігін жасақтайды; Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін өзге де мемлекеттік органдарды құрады, таратады және қайта құрады;

10) Қауіпсіздік Кеңесін және өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Жоғары Сот Кеңесін құрады;

10-1) Парламент Сенатының келісімімен Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын тағайындайды;

11) Премьер-Министрмен және Парламент Палаталарының төрағаларымен консультациялардан кейін мәслихаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

12) Республика Конституциясына және заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06. № 378, 2007.06.19. № 265; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

III тарау
Қазақстан Республикасы Президентінің актілері

20-бап. Республика Президенті актілерінің нысандары

1. Республика Президенті Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады.

2. Алып тасталды - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Республика Президенті қол қоятын Парламент актілері, сондай-ақ Үкімет бастамасымен шығарылатын Президент актілері, тиісінше осы актілердің заңдылығы үшін заңдық жауапкершілік жүктелетін Парламенттің әр Палатасы Төрағаларының не Премьер-Министрдің алдын-ала қолдары қойылып тиянақталады.

4. Республика Президенті тиісті Жарлықтар мен өкімдер шығаратын мәселелер тізбесі осы Конституциялық заңның 21 және 22-баптары бойынша анықталады. Қажет болған жағдайларда Республика Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде өзінің тиісті өкілеттіктерінің қандай акт нысанында, Жарлық немесе өкім нысанында жүзеге асырылатындығын дербес анықтай алады.

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06. № 378 Конституциялық заңымен; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

21-бап. Республика Президентінің жарлықтары

1. Республика Президентінің жарлықтары Республика Конституциясы мен заңдарының негізінде және соларды орындау үшін шығарылады.

2. Республика Президентінің жарлықтарымен:

1) Президенттің Республика Президентінің актілерін шығаруды талап ететін конституциялық өкілеттігі жүзеге асырылады;

2) мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісімді жұмыс істеуін және өкімет органдарының Қазақстан халқы алдында Конституциямен және заңдармен белгіленген жауаптылығын қамтамасыз ету мәселелері шешіледі;

3) Парламенттің заңдық құзыретіне кірмейтін, сондай-ақ Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдардың заңмен белгіленген құзыретіне жатпайтын мәселелерді құқықтық реттеу жүзеге асырылады;

4) Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуының стратегиялық мәселелері бойынша шешімдер қабылданады.

3. Республика Президенті шығаратын жарлықтардың ғана нормативтік құқықтық акт күші болады.

22-бап. Республика Президентінің өкімдері

1. Республика Президентінің өкімдері Конституцияның, заңдардың және Президент жарлықтарының негізінде және соларды орындау үшін шығарылады.

2. Республика Президентінің өкімдерімен:

1) әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке сипаттағы мәселелерді шешу жүзеге асырылады;

2) Республика Президентінің құзыретіне сәйкес конституциялық мәртебесі жоқ лауазымды тұлғалар қызметке тағайындалады және босатылады.

23-бап. Республика Президентінің актілерін дайындау және оларды Президенттің қарауына енгізу

1. Республика Президенті актілерінің жобаларын дайындауды мыналар жүзеге асырады:

1) Президент Әкімшілігі және Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін өзге де мемлекеттік органдар;

2) Республика Үкіметі;

3) Жоғарғы Сот;

4) алып тасталды - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

5) Республика Президенті белгілейтін өзге де мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар.

2. Республика Президентінің қарауына енгізілетін актілердің жобалары:

1) қазақ және орыс тілдерінде дайындалып, Президенттің қарауына енгізіледі;

2) заң техникасы мен іс жүргізу талаптарына сай келуге тиіс.

3. Президент шығарған актілерді нөмірлеу Республика Президентінің өкілеттік мерзіміне жүргізіледі. Президент актілерінің түпнұсқалары мен оған қосымша материалдар Президент Әкімшілігінің тиісті құрылымдық бөлімшесінде сақталады және заңда белгіленген мерзім аяқталған соң Республика Президентінің Архивіне жіберіледі.

4. Президент актілерінің жобаларын дайындаудың заңмен белгіленген тәртібінің сақталуын және оларды Мемлекет Басшысының қарауына ұсынылуын бақылауды Президент Әкімшілігінің Басшысы жүзеге асырады.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.06.19. № 265; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

24-бап. Республика Президентінің актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ олардың күшін жою тәртібі

1. Өзгертулер мен толықтырулар:

1) Республика Президентінің жарлықтарына Президент жарлықтарымен енгізіледі;

2) Республика Президентінің өкімдеріне Республика Президентінің өкімдерімен енгізіледі.

2. Республика Президенті жарлықтарының күшін жою Республика Президенті жарлықтарымен, Республика Президенті өкімдерінің күшін жою Республика Президентінің жарлықтарымен және өкімдерімен жүргізіледі.

3. Республика Президентінің бірдей заң күші бар актілерінің арасында алшақтық туындаған жағдайда, егер Республика Президентінің тиісті актісінде өзгеше көзделмесе, кейінірек күшіне енген акт басшылыққа алынуға тиіс.

25-бап. Республика Президентінің актілерін күшіне енгізу мен жариялау тәртібі

1. Президенттің нормативтік сипаты бар актілері, егер Президент өзгеше белгілемесе, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң Республиканың бүкіл аумағында бір мезгілде күшіне енгізіледі.

2. Нормативтік сипаты жоқ Президент актілері, егер Президент өзгеше белгілемесе, оларға қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

3. Президенттің актілері "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ресми жариялануға жатады.

4. Президент актілері, сол сияқты өзге де баспа органдарында жариялануы, теледидар, радио арқылы, Интернетте жария етілуі, телеграф, телефакс арқылы берілуі, тиісті мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ұйымдар мен олардың лауазымды тұлғаларына таратылуы мүмкін.

5. Республиканың мемлекеттік құпиялары немесе өзге де заңмен қорғалатын құпиясы баяндалған Президент актілері жариялауға жатпайды. Мұндай актілердің тұпнұсқаларында құпиялық белгісі қойылады және олар белгіленген тәртіппен өздерінің күші қолданылатын органдардың, ұйымдардың, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың назарына жеткізіледі. Президенттің аталған актілерінің мазмұны белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында баяндалуы мүмкін.

Ескерту. 25-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.06.19. № 265; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

IV тарау
Республика Президентін қызметінен мерзімінен бұрын босату, кетіру

26-бап. Республика Президентін қызметінен мерзімінен бұрын босату, кетіру

1. Президент науқастануына байланысты өзінің міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда Конституцияда белгіленген тәртіппен Парламенттің шешімі арқылы қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

2. Президент өзінің міндеттерін атқару кезінде жасаған іс-әрекеті үшін тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда, яғни соғыс не қарулы қақтығыс кезінде жау жағына шығып кету, шет мемлекеттің Республикаға қарсы дұшпандық әрекетін жүзеге асыруына көмектесу арқылы көрінген Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіру немесе әлсірету мақсатында әдейі жасаған жағдайда, жауап береді және бұл үшін Конституцияда белгіленген тәртіппен Парламент оны қызметінен кетіруі мүмкін.

3. Республика Президентін қызметінен кетіру туралы мәселе ол Парламенттің немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде мәселе қарап жатқан кезеңде қозғалмайды.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.06.19. № 265 Конституциялық заңымен.

27-бап. Қазақстан Республикасының Президенті өкілеттігінің ауысуы

1. Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босатылған немесе кетірілген, сондай-ақ ол қайтыс болған жағдайда Республика

Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге Парламент Сенатының Төрағасына ауысады; Сенат Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда ол Парламент Мәжілісінің Төрағасына ауысады; Мәжіліс Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда ол Республиканың Премьер-Министріне ауысады. Өзіне Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған адам тиісінше Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының немесе Премьер-Министрдің өкілеттігін доғарады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша өзіне Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған адамның Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларға бастамашы болуға құқығы жоқ.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - ҚР 1999.05.06. № 378 Конституциялық заңымен.

V тарау
Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ету

28-бап. Республика Президентінің қызметін мемлекеттік қамтамасыз ету

Республика Президенті мен оның отбасы мүшелерін қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және күзету республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

29-бап. Республика Президентінің жалақысы және еңбек демалысы

1. Республика Президентінің жалақысы заңдарда белгіленген тәртіппен анықталады.

2. Республика Президентіне жыл сайын қырық бес күнтізбелік күн мерзіміне ақылы еңбек демалысы беріледі.

30-бап. Республика Президентін қамтамасыз ету

1. Республика Президенті қызметінде болған кезеңге осы қызметке сайланған тұлға Республика аумағында резиденциялармен, Республика астанасында қызмет пәтерімен және мемлекеттік саяжаймен қамтамасыз етіледі.

2. Республика Президенті арнайы мақсаттағы автокөлікпен, арнайы жабдықталған ұшақтармен және тікұшақтармен, сондай-ақ арнайы жабдықталған көлік құралдарының өзге де түрлерімен қамтамасыз етіледі.

3. Республика Президенті мен оның отбасы мүшелеріне тұрғын үй және көлік қызметін көрсетуді Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы, сондай-ақ өздерінің құзыретіне сәйкес Мемлекеттік күзет қызметі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті қамтамасыз етеді.

4. Республика Президенті мен оның отбасы мүшелеріне медициналық, санаторий-курорттық қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы қамтамасыз етеді.

5. Арнайы байланыс құралдарымен қамтамасыз етуді Мемлекеттік күзет қызметі жүзеге асырады.

5-1. Республика Президенті қызметінің бүкіл кезеңіне Республика Президентінің жеке кітапханасы мен жеке мұрағаты құрылады және қалыптастырылады.

Ескерту. 30-бап 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР 06.05.1999 № 378 Конституциялық заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

31-бап. Республика Президентін күзету

1. Республика Президентін күзету Мемлекеттік күзет қызметінің тиісті бөлімшесіне жүктеледі.

2. Республика Президентінің зайыбы (жұбайы) және Президентпен бірге тұратын басқа да отбасы мүшелері күзетілуге тиіс.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

32-бап. Республика Президентінің Әкімшілігі

Республика Президентінің Әкімшілігі мемлекеттік орган болып табылады, оған мыналар жүктеледі:

1) Республика Президентінің қызметін қамтамасыз ету;

2) Республика Президентін елдегі істің жайы туралы уақтылы әрі толық хабардар етіп отыру;

3) Республика Президентінің шешімдерін сөзсіз және тыңғылықты орындау және олардың орындалуын бақылау;

4) Мемлекет Басшысы белгілейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

33-бап. Республика Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органдар, мекемелер мен ұйымдар

1. Республика Президентінің конституциялық өкілеттіктерін жүзеге асыру және оның қызметін қамтамасыз ету мақсатында консультативтік-кеңесші органдар, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы, Республика Президенті жанындағы өзге де мекемелер мен ұйымдар құрылады.

2. Республика Президенті:

1) консультативтік-кеңесші органдардың, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамын айқындайды, Республика Президенті жанындағы өзге де мекемелер мен ұйымдарды құрады;

2) консультативтік-кеңесші органдардың, Қазақстан халқы Ассамблеясының, Республика Президенті жанындағы өзге де мекемелер мен ұйымдардың басшы лауазымды адамдарын тағайындайды;

3) консультативтік-кеңесші органдар, Қазақстан халқы Ассамблеясы, Республика Президенті жанындағы өзге де мекемелер мен ұйымдар туралы ережелерді бекітеді;

4) консультативтік-кеңесші органдардың басшы лауазымды адамдарының осы органдар жұмысы туралы есептерін тыңдайды.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Республика Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органдар аппараттарының, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы аппаратының қызметкерлері Республика Президенті Әкімшілігінің қызметкерлері болып табылады.

4. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің қызметін ұйымдастыру және оның өкілеттіктері заңда айқындалады.

Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда - ҚР 22.12.2017 № 119-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

VI тарау
Қазақстан Республикасының бұрынғы Президенттері

34-бап. Республиканың экс-Президенттерінің мәртебесі

Ескерту. 34-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

1. Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрінің, қызметінен кетірілгендерден басқасының, Қазақстан Республикасының экс-Президенті деген атағы болады.

2. Алып тасталды – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

3. Республиканың экс-Президенті Республика Парламенті Палаталарының бірлескен отырыстарына, Республика Президентінің қызметке кірісуіне, Республиканың мемлекеттік мерекелеріне арналған салтанатты мәжілістерге және мемлекет өткізетін өзге де іс-шараларға қатысуға хақылы.

4. Республиканың экс-Президентіне, оның абырой мен қадір-қасиетіне ешкімнің тиісуіне болмайды. Республика экс-Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғушылық заң бойынша қудаланады.

Ескерту. 34-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

35-бап. Республиканың экс-Президенттерін қамтамасыз ету

1. Республиканың экс-Президентін қамтамасыз ету, оған қызмет көрсету және оны күзету мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

2. Республиканың экс-Президентіне өмір бойы:

1) Республика Президентінің шешімімен Республика Президенті лауазымдық жалақысының сексен проценті мөлшерінде зейнетақы тағайындалады. Бұл ретте Республика экс-Президентінің осы Конституциялық заңның шарттарымен белгіленген зейнетақысы Республика Президентінің лауазымдық жалақысының өсуі ескеріліп, арттырылып отырады;

2) қажетті қызмет көрсетілетін пәтер мен мемлекеттік саяжай, жеке күзет, жүргізушісімен дербес автомобиль беріліп, ел ішінде тегін жүріп-тұру, тегін медициналық, санаторий-курорттық емдеу қызметі көрсетіледі;

3) алып тасталды - ҚР 06.05.1999 № 378 Конституциялық заңымен.

2-1. Қазақстан Республикасы Президентінің жеке мұрағаты мен жеке кітапханасының материалдары Республика Президенті ретіндегі қызметтік жұмысы аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы Экс-Президентінің меншігінде болады.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 06.05.1999 № 378 Конституциялық заңымен.

36-бап. Республика экс-Президенттері құқықтарының кепілдіктері

Республиканың экс-Президенті, мемлекетке опасыздық жасаған жағдайларды қоспағанда, өзінің Республика Президенті өкілеттігін атқаруымен байланысты іс-әрекеті үшін жауап бермейді.

VII тарау
Қорытынды ережелер

37-бап. Өзге заң актілерінің Республика Президентінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қолданылуы

Республика Президентіне Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының және Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы заңнамасының нормалары қолданылмайды.

Ескерту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 20.04.2023 № 225-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

38-бап. Осы Конституциялық заңның күшіне ену тәртібі

Осы Конституциялық заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 06.05.1999 № 378 Конституциялық заңымен.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК